

## ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

ӘОЖ 28-74  
МРНТИ 02.71

DOI: <https://doi.org/10.37788/2022-1/11-16>

Ш. Эділбаева<sup>1</sup>, А.М. Сатешова<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан  
\*(e-mail: asateshova@mail.ru)

### Усуль әл-Фиқһ ғылымындағы «мәфхұм әл-мухалафа» қағидасының орны

#### Аннотация

*Негізгі мәселе:* Мақалада діни мәтіндер мен басқа құқықтық негіздерден үкімдер шығарудағы мәфхұм әл-мухалафа қағидасының орны жайлы толықтай зерттеліп көрсетіледі. Сонымен қатар Ислам құқығы негіздеріндегі ханафилік және мұтакаллимдер мектебінің құқықтық-лингвистикалық ұстанымдары мен ерекшеліктері мен қоса, екі мазхаб арасындағы келіспеген мәселелерге жекелей тоқталып, салыстырмалы талдау жасалынады.

*Мақсаты:* Мәфхұм әл-мухалафаны дәлел ретінде қабылдау жайлы ғұламалар арасында үлкен тартыс бар. Тіпті Әбдул Азиз Бухари бұл жайлы: «Бұл мәселенің фиқһ ғылымында алатын орны үлкен» – деп айтқан. Яғни, бұл қағидадан шығатын дәлелдің үкімге әсері қаншалықты қуаттырақ және ол үкімдер амал етуге жарамды ма деген сұраптарға төменде жауап беріледі. Мәфхұм әл-мухалафа қағидасы Ханафи мәзhabында дәлел ретінде қабылданбайды және одан шыққан үкім де амал етуге жарамсыз болып саналады. Өйткені, мәфхұм әл-мухалафа – мәтінде келмеген үкімді бекіте отырып, мәтінде келген үкімге қарама-қарсы үкім шығару (Әмиди), яғни Әбу Ханифаның көзқарасынша, мәтінде келген үкім мен мәтінде келмеген үкімнің дәрежесі тен емес, сонымен қоса мәтінде келмеген үкіммен амал ету жарамсыз деп санайды. Ал, Ханафилерден басқа мәзhabтарда бұл қағидамен амал ету толықтай жарамады.

*Әдістері:* Ислам дінінің негізі болған Құран мен Пайғамбар сұннетінен дәлелдер келтіріп, салыстырмалы талдау жасайды.

*Назаржелер және олардың маңыздылығы:* Ханафи мәзhabының кейбір ғалымдары, бұл қағиданы толықтай жоққа шығармайды. Шарифи мәтіндерден ғана бұл қағида арқылы үкім алу жарамсыз, алайда құнделікті тұрмыста адамдармен қарым-қатынас барсының мәфхұм әл-мухалафаны дәлел ретінде қабылдайды. Бұл жайлы, Ибн әл-Химам: «Ханафилер мәфхұм әл-мухалафаны тек шарифи мәтіндерде ғана дәлел ретінде мойындағы», – деп келтіреді. Демек, бұл қағиданы дәлел ретінде қолдану жайлы ғалымдар үлкен екі топқа бөлінеді және әр топтың өздерінің көлтіретін қуатты дәлелдері бар, мақаланың екінші бөлігінде бұл жайлы толықтай айтылған.

*Түйін сөздер:* мәзhab, усуль, фикh, мәфхұм әл-мухалафа, шаригат, құқық.

#### Кіріспе

Ислам діні адам өмірінің теологиялық, құқықтық және этикалық қабаттарын қамтиды. Адам өмірінің барлық салаларында орын алатын құқықтық мәселелер, пайғамбар заманында уахи арқылы, яғни Құран аяттарымен және пайғамбар үкімімен шешімін тауып отырды. Бұл кезеңде үкім шығару тәсілдері мен қағидаларын қолдануға қажеттілік туындалады. Сахабалар дәүірінде пайғамбардың қөзі тірісінде орын алмаған жайттар мен сұраптар туындалап, адамдар арасында пәтua мен үкім беру міндеттінжекелеген сахабалар атқарды. Олар Құран мен сұннет тілі болған – араб тілін, аяттардың түсі (нузул) мен хадистердің айтылу себептерін (уруд) және шаригаттың асыл мақсаттарын жақсы білді. Өйткені сахабалар ерекше қабілетке ие болумен қатар, олар ұзак үақыт Аллах елшісімен бірге өмір сүріп, аят-сүрелердің түсү барысына, хадистердің айтылу себептеріне күе болды. Сонымен қатар олар үкімі діни мәтіндерде нақты келмеген мәселелерде ықдағатпен шешім шығара білді. Осылайша бұл кезеңдегі құқықтық негіздерді: Құран, сұннет және сахаба ықдағаты құрады. Табиғин және олардан кейінгі буын екілдерінің кезінде де бұл үрдіс жалғасын тауып, ислам мемлекетінің кең етек жаюы себепті, адамдар арасында түрлі сұраптар мен мәселелер туындағы, пікірталастар артты. Оған Сағид ибн Мусайяб, Уруа ибн Зубейр, Қазы Шурайх пен Ибраһим ибн ән-Нахай сынды табиғин дәуірінің мұжтаһидтері ғылыми негіздерге сүйене отырып шешімдерін айттып отырды. Алайда барлық ғалымдардың үкім шығару методологиясы бірдей болмады. Үкім шығаруда қолданылатын қағидалардың бірі мәфхұм әл-мухалафа қағидасын дәлел ретінде қолдану жайлы да усуль ғалымдары арасында көптеген көзқарастар айтылады. Солардың ішінен алғып қарастыратын мәселе Ханафи мазхабы мен мұтакаллимдердің мәфхұм әл-мухалафа қағидасын алғып, алмауын қарастырамыз. Сонымен қатар ол қағиданың үкімге әсері жайлы да бірнеше мысалдар келтіріледі.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақаланы жазу барысында тарихи, салыстырмалы, индуксия, дедуксия әдістері, сонымен қоса түйіндеу және баяндау әдістері қолданылды.

### **Нәтижелер**

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдар мен қол жеткізген нәтижелерді қысқаша баяндалғытейік:

Біріншіден, Ислам құқық методологияның шығу тарихына қысқаша тоқталып, оның мақсаты жайлы баяндалды;

Екіншіден, соңғы елшінің дүниеден өтуі себепті, адамдардың усуль әл-ғылымына деген мұқтаждығы және ол ғылымның маңыздылығы айтылды;

Ушіншіден, мәфхұм әл-мухалафа қағидасына тек бір ғана емес, бірнеше усуль ғалымдарының анықтамаса келтірілді. Сонымен қатар қағиданың басқада атауларына тоқталып, арасында ең көп қолданысқа ие болған мәфхұм әл-мухалафа деген атауга тоқтау жасалынды; Онымен қоса, қуаттырағы жағынан мәфхұм әл-мухалафаның маңызды деген алты түрі айтылды;

Төртіншіден, ең ірі екі мектептің бұл қағиданы дәлел ретінде қолдануы жайлы көзқарастары келтіріліп және сөздерін қуаттау үшін діннің негізгі тірегі болған Құран мен сұннеттен дәлелдер келтірілді;

Бесіншіден, мәфхұм әл-мухалафа қағидасы үкімге қаншалықты әсер тигізеді және одан шыққан үкіммен амал етіле ме? – деген сұрақтарға ғалымдардың бірнеше көзқарастары келтіріліп, қысқаша екі мәселе мысал ретінде көрсетілді.

### **Талқылау**

#### **Мәфхұм әл-мухалафа дегеніміз не?**

Усул әл-ғиқіғ ғалымдары мәфхұм әл-мухалафаға одан да басқа атаулар берген. Олар:

#### **1- Мәфхұм әл-Мухалафа;**

Бұл атауды көптеген усул ғалымдары қолданған. Олар: Әбу Бәкр ибн Фурк, Имам әл-Харемейн әл-Джуәйни, Қоди әл-Бәйдауи, Ибн әл-Хаджиб және Ибн әл-Қудәмә (Алла олардан разы болсын).

#### **2 – Дәэлилу әл-Хитоб;**

Бұл атауды да көптеген усул ғалымдары қолданған. Олар: Әш-Ширази, Әл-Бәджи, Ибн әс-Сәмғани, Әбу Яғғәлә, Ибн Җуғайл және Әл-Қәлузәни (Алла олардан разы болсын).

#### **3 – Мәфхұм;**

Бұл атауды тек Имам әл-Газали (Алла одан разы болсын) ғана қолданған.

#### **4 – Тәнбиху әл-Хитоб;**

Бұл атауды тек Әл-Курофи (Алла одан разы болсын) ғана қолданған.

#### **5 – Ләхну әл-Хитоб;**

Бұл атауды тек Әс-Сәлими (Алла одан разы болсын) ғана қолданған.

Мәфхұм әл-Мұхалафатілдік мағынада «муғағала» уәзінінде келіп, «карсы келу, келіспеу» – деген мағыналарды білдіреді.

Ал, терминде, мәфхұм әл-мухалафа – мәтінде келмеген үкімді бекіте отырып, мәтінде келген үкімге қарама-қарсы үкім шығару. Мысалы:

«Араларыңнан азат мүмін әйелдерді алуға дәuletі жетпегендер иеліктеріндегі мүмін құндерге үйлене алады.», – деген аяттан оның керісінше мағынасы арқылы азат мүмін әйелге үйленуге дәuletі жеткен адамға, құн әйелге үйлену харам етіледі деген үкім шығара аламыз.

#### **Мәфхұм әл-Мұхалафага усул ғалымдары қонтекстік анықтама берген. Олар:**

**Бірінші анықтама:** «Егер үкім бір нәрседегі екі сипаттың біреуіне байланса, одан басқасы бұған қарама-қайшы болады». Бұл әш-Ширазидің (Алла оны рахымына алсын) анықтамасы.

**Екінші анықтама:** «Бір тараптан қарағанда, контексттік айттылумен ерекшеленіп, ал айттылмай қалған нәрсө әлгі айттылған нәрсеге қарама-қайшы болуын айтамыз». - Имам әл-Харамайнның (Алла оны рахымына алсын) анықтамасы.

**Үшінші анықтама:** «Айттылған нәрсенің үкімі өзінен басқа үкімді теріске шығаруын дәлелге алу». – Имам әл-Ғазалидің (Алла оны рахымына алсын) берген анықтамасы. Осыған ұқсас анықтаманы әт-Туфиде(Алла оны рахымына алсын) айтқан.

**Төртінші анықтама:** «Мәтінде келмеген үкімді бекіте отырып, мәтінде келген үкімге қарама-қарсы үкім шығару». – Әмидидің (Алла оны рахымына алсын) айтқан анықтамасы. Осыған ұқсас анықтаманы әл-Курофи мен Содру Шаригада (Алла оларды рахымына алсын) айтқан [1; 76].

Ғалымдардың берген көптеген анықтамаларының ішінде ортақ бір анықтама шығады, ол: «Мәтінде келмеген үкімді бекіте отырып, мәтінде келген үкімге қарама-қарсы үкім шығару». ( ما كان ( المسکوت عنه مخالفًا في الحكم للمنطق ) – бұл анықтаманы ашықтай болсақ, келесідей ұғымдар шығады:

( ما ) ( مانعات ) «мә» сөзі – мәтінде келген сө, мәтінде келмеген сөз және мәтіннен түсінілетін сөз деген мағыналарды қамтиды. Мақсат еткен мағынасы – сөз.

( كأن المسکوت عنه مخالفًا في الحكم ) ( : ) «مانعات» (مَسْكُوتٌ عَنْهُ) ( : ) – бірінші шектеу. Яғни, бұл сөйлемде, мәтінде келмеген сөз деп шектеу жасап түр, демек, мәтінде келген сөз деген ұғым бұл жерде айттылмайды.

( مخالفًا في الحكم ) ( : ) «مانعات» (مَسْكُوتٌ عَنْهُ) ( : ) – екінші шектеу. Яғни, бұл сөйлемде, үкімге қарама-қайшы келсе деп шектеу жасап түр, демек, үкіммен бірдей келсе бұл жерде айттылмайды.

(**للمنطق**) (мәтінде келген сөз) – үшінші шектеу. Яғни, бұл сөйлемде, мәтінде келген сөз деп шектеу жасап түр, демек, мәтінде келмеген сөз деген ұғым бұл жерде айтылмайды.

Мәфхұм әл-мухалафының маңызды деген түрлері:

- Мәфхұм әс-Сифа;
- Мәфхұм әш-Шарт;
- Мәфхұм әл-Гоя;
- Мәфхұм әл-Адад;
- Мәфхұм әл-Лақаб;
- Мәфхұм әл-Хаср;

#### **Мәфхұм әл-Мухалафаны дәлел ретінде қабылдау жайлы ғұламалардың қозқарастары.**

Мәфхұм әл-Мухалафаны дәлел ретінде қабылдау жайлы ғұламалар арасында ұлкен тартыс бар. Тіпті Әбдул Азиз Бухари бұл жайлы: «Бұл мәселенің фиқұ ғылымында алатын орны ұлкен» – деп айтқан.

Шафиғи, Мәлики және Ханбали мәзhabының ғалымдары мәфхұм әл-Мухалафаны және мәфхұм әл-Лақабтан басқа барлық түрлерін дәлел ретінде қабылдайды. Тек Шафиғи мен Ханбали мәзhabының кейбір ғалымдары мен Жумхурдың Фазали, Әмиди сияқты ғалымдары, мәфхұм әл-Мухалафаның кейбір түрлерін дәлел ретінде қабылдамайды [2; 766].

Ханафи мәзhabының ғалымдары мәфхұм әл-Мухалафаны шариғи мәтіндерде дәлел ретінде қабылдамайды, тіпті оны «Истилдәләту әл-Фәсида» (жарамсыз дәлелдер) деп атайды. Бірақ мәфхұм әл-Лақабтан басқа түрлерін қарапайым өмірде және адамдармен қарым-қатынаста дәлел ретінде алады.

Шемсул әимма Кардаридің айтуынша: «Шариғи мәтінде бір сөзді айтып тахсис жасау арқылы, айтылмай қалған басқа сөздер жоққа шығарылады деген түсінік жоқ. Бәлкім тек адамдармен қарым-қатынаста яғни, тілдік қарым қатынастаға сондай түсінік бар.»

Барлық мәзhab ғалымдары Мәфхұм әл-Лақабтың дәлел ретінде жүрмейтініне бірауыздан келіседі. Себебі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Әрбір қырық қой үшін бір қой зекет парыз» - деген сөзінен Мәфхұм әл-Лақаб арқылы үкім шығаратын болсақ, онда койдан басқа мал үшін зекет беру парыз емес деген үкім шығады. Әбу Бәкір Джассас өзінің усулында: «Біздің мәзhabта, егер біз бір үкім жайлы айтсақ, онда басқа айтылмаган үкімдерді жоққа шығарамыз деп айтпаймыз, бәлкім тек сол айтылған үкімдіға бекітеміз», - деп Мәфхұм әл-Мухалафаны дәлел ретінде қолданбаулаresының себебін түсіндірген.

Корытындылай келе, Мәфхұм әл-Мухалафаны шариғи дәлел болуына қатысты екі қозқарас шығады.

**Бірінші қозқарас:** Мәфхұм әл-Мухалафаны шариғи дәлел ретінде қабылдайды. Олар: Мәлики мазhabының имамдары, Шафиғи мазhabының көпшілік имамдары, Мутакаллимдердің көпшілігі, Әш-Ширази, ибн-Кудәмә, ибн-Хаджиб, Зәркәши, Туфи, ибн-Сәмғани және әл-Қөлузәни сынды ғалымдары [3; 21].

Сонымен катар мәфхұм әл-мухалафы белгілі бір өздерінің койған шарттары арқылы қабылдайтын ғалымдар да бар. Олар:

- 1 – Мауирди(Шафиғи мазhabының ғалымы) – Имам әз-Заркаши өзінің «Бахр» еңбегінде айтып кетеді;
- 2 – Әбу Абдулла әл-Басри; Мәфхұм әл-мухалафа дәлел болуы үшін үш шарт қояды.
- 3 – Имам әл-Харамайн; Әбу Абдулла әл-Басри, әл-Бәжди, Фазали, Имам Саражи және Әмидиде (Алла оларды рахымына бөлесін) мәфхұм әл-мухалафы дәлел ретінде қабылдамайды.

**Екінші қозқарас:** Мәфхұм әл-Мухалафаны шариғи дәлел ретінде қабылдамайды. Олар: Имам әбу-Ханифа, Мұғазилә мен Әшғарилердің көптеген мутакаллим ғалымдары, Мәлики мен Шәфиғи мазhabының көпшілік ғалымдары, олар: ибн-Саридж, әл-Маруизи, Құффәл әш-Шәши. Сонымен қоса, Ибн Хазм, Джассас, әбу әл-Хусайн әл-Басри, әл-Бәжди, Фазали, Имам Саражи және Әмидиде (Алла оларды рахымына бөлесін) мәфхұм әл-мухалафы дәлел ретінде қабылдайтын [4; 10].

Дегенмен, Ханафи мазhabының кейбір ғалымдары, мәфхұм әл-мухалафа қағидасын толықтай жоққа шығармайды. Шариғи мәтіндерденға бұл қағида арқылы үкім алу жарамсыз, алайда, күнделікті тұрмыста адамдармен қарым-қатынас барысында мәфхұм әл-мухалафы дәлел ретінде қабылдайды.

Ибн әл-Химам (Алла оны рахымына алсын): «Ханафилер мәфхұм әл-мухалаfanы тек шариғи мәтіндердеға дәлел ретінде мойындағандай.

Кардари: «Мәфхұм әл-мухалафамен тек шариғи мәтіндерден шыққан үкіммен амал етілмейді, бірақ, күнделікті тұрмыстағы, ғұрыптағы және қарым-қатынастағы сөздер үшін бұл қағида жарамды болып табылады».

#### **Мәфхұм әл-мухалафының үкімге әсері**

Усул әл-фікі дегеніміз: «Жекелеген дәлелдерден шариғи практикалық нормаларды шығаруға жетелейтін жалпы қағидалар ілімі», бұл қағидалар мәтінде ашық келген қағидалар, ал мәтінде анық айттылмай, мәтіннен түсінілетін қағидалар да бар. Сондай қағидалардың бірі мәфхұм әл-мухалафа. Ендігі қарастыратын мәселе, мәфхұм әл-мухалафа қағидасы үкімге қалай әсер етеді және усул ғалымдарының оған қатысты айтқан қозқарастарын жеке-жеке қарастырамыз.

Жайылымдағы емес малдың зекеті;

Өгей қызбен некелесу;

### **1 – Жайылымдағы емес малдың зекеттің үкімі;**

Хадисте: «Жайылымдағы әрбір 40-түйеден 2-жастан асқан 1 ұрғашы түйе парыз, ал жайылымдағы әрбір 40-кійдан 1 қой парыз», – деп келеді.

Бұл хадистен екі түрлі түсінік шыгады, біріншісі – жайылымдағы түйе мен қой үшін зекет берілетіндігі; екіншісі – мәфхұм әл-мухалафа арқылы – жайылымда емес түйе мен қойға зекет берілмейді деген үкім шыгады. Демек, түйе мен қойдан зекет берілу үшін – «жайылымдағы» деген сипат байланып тұр. Ендігі усулшылардың ихтиләфқа түсетін мәселесі – жайылымда жайылмайтын мал үшін зекет беріле ме?

1 – **Жумхурдың көзқарасы бойынша** – жайылымда жүрмеген мал үшін зекет жоқ. Дәлелдері: «Жоғарыда келген хадисте, малдан зекет алыну үшін, жайылымда жайылатын деген сипат жалғанып тұр, ал егер ол сипат жоқ болса, үкім де жоқ болады. Демек, жайылымда жайылмаган мал үшін зекет жоқ».

2 – **Имам Мәлік, Рабиға және әл-Ләстің көзқарасы бойынша** – жайылымда жайылмайтын мал үшін зекет бар. Дәлелдері: Ибн Омардан: «Әрбір қырық қой үшін бір қой парыз», – деген жалпы мағынада келген хадис.

3 – **Ибн Ҳазмның көзқарасы бойынша** – жайылымда жайылмаган қой мен түйеге зекет бар, бірақ сиырдан зекет алыну үшін тек жайылымда жайылған болуы шарт.

4 – **Ибрахим ән-Нахаги мен Ҳасан әл-Басридің көзқарасы бойынша** – жайылымда жайылмаган түйе мен сиырдан зекет берілмейді.

Қорытындылай келе, әрбір мал үшін нисаб мөлшеріне қарай зекет беріледі, тіпті ол мал жайылымдағы мал болмаса да.

### **2 – Өгей қызбен некелесудің үкімі;**

Ниса сүресінің 23-аятында Алла Тағала: «(Уа, мұміндер!): Сендерге өз аналарыңмен, туган қыздарыңмен, әпке-қарындастарыңмен, әкелеріңнің әпке-қарындастарымен, аналарыңның әпке-сінлілерімен, туган бауырларыңың қыздарымен, туган әпке-карындастарыңың қыздарымен, сұт аналарыңмен, емшектес әпке-қарындастарыңмен, қайын енелеріңмен және қолдарыңдағы өгей қыздарыңмен некелесу харам етілді. Ал жар төсегінде қосылмай тұрып ажырасып кеткен әйелдеріңің қыздарына үйленсендер күнә арқаламайсындар. Сондай-ақ сендер үшін бел балаларыңның жұбайларына үйлену һәм апалы-сінлілі екі қызды бірдей әйелдікке алу харам етілді. Бұдан бұрын(надандық дәуірінде) болар іс болды. Өйткені Алла – Fafur, Rahim».

Бұл аяттан өгей қызға үйлену харам болуы үшін әйелмен бірге «еріп келген» деген шарт орындалуы керек. Ал Мәфхұм әл-Мұхалафы қолданып үкім шығаратын болсақ, онда өгей қызы басқа үйде тұратын болса, онда онымен некелесу халал деген түсінік пайды болады.

**Бірінші көзқарас бойынша:** өгей қызға үйлену харам болуы үшін бір үйде тұру шарт емес. Жумхурдың көзқарасы [5; 2]. Дәлелдері: Көп жағдайда өгей қыздары анасымен бір үйде тұрады (яғни анасымен «еріп келеді»), ейткені олай болмаған жағдайда Алла Тағала оны харам қылmas еді. Демек, шарттың түсіүмен үкім түспейді. Өгей қызға үйлену бір үйде тұрса да, тұрмаса да харам болады. Қорытындылай келе, жумхур ғалымдары мәфхұм әш-шарттан (шартқа байланған мәфхұм) шыққан үкіммен амал етпейді.

**Екінші көзқарас бойынша:** өгей қызға үйлену харам болуы үшін бір үйде тұру шарт. Әли ибн әби-Талибың көзқарасы (бұл көзқарасты Ибн Ҳазмда қолдаған) [6; 30].

Дәлелдері: Алла Құранда өгей қызға үйленудің харам болуы үшін, бір үйде тұру шартын қояды. Егер де ол шарт жоғалса, демек үкімде жоғалады. Яғни, өгей қызы басқа үйде тұратын болса, ол қызбен некелесу рұқсат. Мәфхұм әш-шартпен шыққан үкімді қабылдайды.

Зәйнб бинт әби-Сәләмәдан жеткен хадисте: «Умму Хабиба(Пайғамбарымыз Мұхаммадтың (саллаллаху алейхи уә сәлләм) әйелдерінің бірі) (Алла одан разы болсын): «Ей, Алланың елшісі Маған Әби Сәләмәның қызына құда түсіп жатқанынды айтты», - дейді. Алланың елшісі: «Әби Сәләмәның қызы ма?», – деп сұрайды. Умму Хабиба: «иә!», – деп жауап қайтарады. Сонда Алланың елшісі: «Алланың атымен ант етейін, егер де өгей қызы менің қол астында болмағанда, Алла оны мен үшін халал ететін еді. Ол менің сұт бауырмның қызы». Демек хадистен түсінетініміз, Алла елшісі хадисте қол астында болмағанда, яғни бір үйде тұрмаданымда деп шектеу жасап тұр. Өгей қызға үйлену харам болуы үшін, бір үйде тұру керек деген шарт қойылады.

Мәлік ибн Әустен жеткен хадисте: «Мениң әйелім қайтыс болғансон, оның қызы бар екенін біліп оған ашууландым. Жолда Әли ибн әби-Талибың кездестіріп қалып, оған әйелімнің қайтыс болғанын айтып едім, ол менен: «әйелінің қызы бар ма?», – деп сұрады. Мен: «Иә, қызы Таифте тұрады», – деп жауап бердім. Сонда Әли маған оған үйлен деп ұсыныс жасап еді, мен Ниса сүресіндегі аятты оның есіне салдым. Әли: «Ол қыз сенің қол астында(яғни бір үйде) тұрған жоқ, сол үшін ол қызға үйленуіне болады. Ал, аяттағы өгей қызға үйленулерің харам етілді дегені, бір үйде тұру шарты орындалғандаған жүзеге асады», – деп жауап берді». Бұл хадис жайлышы Ибн Қәсир: «Бұл хадистің иснәді (тізбегі) мықты», – деп айтады.

Қорытындылай келе, жумхур ғалымдарының көзқарасынша, өгей қыз бір үйде тұрса да, тұрмаса да оған үйленуге рұқсат жоқ. Ал, аятың шартпен келу себебі тек баяндау мақсатында келген.

### **Қорытынды**

Ғылыми жұмыстық корытындылай келе, мәғхум әл-мухалафа қағидасын дәлел етіп алуда усул ғалымдары екі көңзкарасқа бөлінеді. Олар Ханафи мазхабы ғалымдары мен Жұмнұр ғалымдары. Біздің Әбу Ханифа мазхабында бүл қағида дәлел ретінде алынбайды, алайда басқа мазхаб өкілдері оны дәлелге алып және одан шықкан үкіммен амал етеді.

### **ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Әмиди М. Ихкәм фи усули әл-әхкәм: оқу бөлімі – Мысыр: Мактабату әл-халиби, 1734. – 369 б.
- 2 Зәркәши Б. Бәхру әл-мухит: оқу бөлімі – Кувейт, 1413. – 233 б.
- 3 Құрманбаев К. Ҳусамуддин әс-Сығнақи еңбектеріндегі «Усул әл-фіқх» ілімінің лингвистикалық негіздері: оқу бөлімі - Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2015. – 121 б.
- البنية رح الادایة ، لادر الدين العبيين ، – أنوت : دار الفكر ، ط ٢ \ ١٢ – . م ١٩٩٠ م ٤
- 5 Сайдов А.Х. Хидоя. Комментарии мусульманского права. – М.: Волтерс Клювер, 2010. – 808 с.
- 6 Әділбаев А., Әділбаева Ш. Ханафи ғалымдарының ислам фіқына қатысты негізгі еңбектері: оқу бөлімі - Алматы: Көкжиец баспасы, 2012. – 240 б.

### **REFERENCES**

- 1 Amidi, M. (1734). Ihkəm fi usuli əl-əhkəm: oқu bolimi [Ihkam fi usuli al-ahkam: educational department]. Egypt: Maktabatu al-khalibi [in Arabic].
- 2 Zarkashi, B. (1413). Bahru al-muhit: оқу bolimi [Bahru al-Muhit: Department of Education]. Kuwait [in Arabic].
- 3 Kurmanbayev, K. (2015). Husamuddin as-Sifnaki eñbekterindegi «Usul al-fiqh» iliminiq lingvistikallik negizderi: оқу bolimi [Linguistic bases of "Usul al-fiqh" in the works of Kurmanbayev K. Husamuddin as-Sygnaki: educational department]. - Almaty: KazNU Publishing House [in Kazakh].
- البنية رح الادایة ، لادر الدين العبيين ، – أنوت : دار الفكر ، ط ٢ \ ١٢ – . م ١٩٩٠ م ٤
- 5 Saidov, A. (2010). Hidoya. Kommentarii musul'manskogo prava [Hidoya. Comments on Muslim law]. Moscow: Walters Kluwer [in Russian].
- 6 Adilbaev, A., Adilbaeva, Sh. (2012). Hanafi ғалымдарының islam fikhina katisti negizgi eñbekteri: оқу bolimi [The main works of Hanafi scholars on Islamic jurisprudence: Department of Education]. Almaty: Kokzhieck Publishing House [in Kazakh].

### **III. Адилбаева<sup>1</sup>, А.М. Сатешова<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан

### **Место принципа «мафхум аль-мухалафа» в методологии исламского права**

В статье подробно рассматривается роль понятия аль-мухалафа в вынесении суждений из религиозных текстов и других правовых оснований. Проведен сравнительный анализ правовых и языковых принципов, особенностей ханафитской и мутакаллимской школ исламского права, разногласий между двумя течениями.

Среди ученых существует много споров относительно того, принимается ли Мафхум аль-Мухалафа в качестве доказательства. Принцип Мафхум аль-Мухалафа не принимается в качестве доказательства в ханафитском мазхабе, и вытекающее из него постановление недействительно. Это потому, что концепция аль-мухалафа состоит в том, чтобы вынести вердикт, который противоречит вердикту в тексте (Амиди), подтверждая вердикт, которого нет в тексте. Согласно Абу Ханифе, вердикт в тексте и вердикт, не фигурирующий в тексте, не равны. Однако в школах, отличных от ханафитских, этот принцип действует в полной мере.

Авторы использовали метод сравнительного анализа Корана и Сунны Пророка, которые являются основой ислама, чтобы доказать свою точку зрения.

Некоторые ученые ханафитского мазхаба не опровергают полностью этот принцип. Недопустимо судить об этом только по шариатским текстам, но в повседневной жизни, в общении с людьми понятие аль-мухалафа принимается как доказательство. Ибн аль-Химам сообщает, что ханафиты не признают концепцию аль-мухалафа как доказательство только в шариатских текстах. Поэтому ученые делятся на две основные группы в вопросе применения этого принципа как доказательства. У каждой группы есть свои веские аргументы, которые подробно рассматриваются во второй части статьи.

Ключевые слова: мазhab, усуль, фикх, мафхум аль-мухалафа, шариат, закон, исламское право.

**Sh. Adilbayeva<sup>1</sup>, A.M. Sateshova<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan

### **The place of concept «mafhum al-muhalafa» in the methodology of islamic law**

The article examines in detail the role of the concept of al-muhalafa in making judgments from religious texts and other legal grounds. In addition, a comparative analysis of the legal and linguistic principles and features of the Hanafi and Mutakallim schools of Islamic law, as well as issues of disagreement between the two movements, will be considered.

There is much debate among scholars as to whether Mafhum al-Muqhalafa is accepted as evidence. Even Abdul Aziz Bukhari said: "This issue occupies a large place in the science of jurisprudence," he said. That is, below we answer the question of how much influence the evidence from this principle has on the verdict and whether these sentences are legitimate. The principle of Mafhum al-Mukhalafa is not accepted as evidence in the Hanafi Madhab, and the ruling resulting from it is invalid. This is because the concept of al-muhalaf is to render a verdict that contradicts the verdict in the text (Amidi), confirming a verdict that is not in the text, that is, according to Abu Hanifa, the verdict in the text and the verdict that does not appear in the text are not equal. However, in schools other than Hanafi schools, this principle fully applies.

The authors used the method of comparative analysis of the Quran and the Sunnah of the Prophet, which are the basis of Islam, to prove your point

Some scholars of the Hanafi Madhab do not completely refute this principle. It is unacceptable to judge by this principle only by Sharia texts, but in everyday life, in communication with people, the concept of al-muhalaf is accepted as proof. Ibn al-Humam reports that the Hanafis do not recognize the concept of al-muhalyaf as proof only in Sharia texts. Therefore, scientists are divided into two main groups regarding the application of this principle as evidence, and each group has its own strong arguments, which are discussed in detail in the second part of the article.

Keywords: mazhab, usul, fiqh, mafhum al-muhalaf, sharia, Islamic law.

**Қолжазбаның редакцияға келіп түскен күні:** 01.03.2022 ж.